

Тигр мен Евфрат

ОРЫНДАҚҒАН: АЛДАНИЯЗОВ.З

ҚАБЫЛДАҒАН: АҚМУРЗАЕВА.Б

ТОБЫ: О 141 3 КУРС



Өзен — өзінің табиғи арнасымен ағып жататын [ағынды су\[1\]](#) немесе ағып жатқан тұщы судың табиғи жолы.

Өзен басқа бір өзенге, көлге, теңізге, мұхитқа немесе үлкен су қоймасына барып құяды. Өзен жаңбыр суынан, еріген қар мен мұздықтардан, қайнар бұлақтардан немесе арнасынан тасыған көл суларынан нәр алады. Көптеген өзендер қыраттар мен таулардан басталады. Бірақ, төмен қарай ағып келе жатқанда оған өзгеде жылғалар, өзен-бұлақтар мен су көздері қосылады. Елді мекендердің басым бөлігі өзен жағаларында орналасады. Өзендер, сондай-ақ, ауыл шаруашылығына да қолайлы. Өйткені, өзен аңғарлары мен жазықтарының топырағы өте құнарлы болады.

Шөлді аймақтардың диқандары егіндіктерін жақын маңайдағы өзендерден артық тартып суарады. Өзендерде, сондай-ақ, электр қуаты өндіріледі. Өнеркәсіп жаңадан дами бастаған өткен ғасырларда, диірмендер, ұста дүкендері мен зауыттар ағысы қатты өзендердің жағасына орналасатын. Адам су екіпінінің қуатын түрлі механизмдерді жұмыс істетуге қолданды. Өзендердің көлемі мен түрі әрқалай. Бірақ олардың бәріне ортақ нәрсе - өзен атаулының бәрі биік жерден басталады. Өзен суының тасуы да табиғи жайт. Өзен тасыған кезде оның арналары эрозияға ұшырап, шөгінділері шайылып, жаңа аңғарлар пайда болады.

Тигр – Түркия, Сирия және Ирак жеріндегі өзен. Ұзындығы 1850 км, су жиналатын алабы 375 мың км². Бастауын Армения таулы қыратынан алып, орта және төменгі ағысында Джезире үстірті мен Месопотамия ойпаты арқылы ағады. Әл-Курна қаласы түбінде Евфрат өзенімен қосылып, Парсы шығанағына құятын Шатт-әл-Араб өзенін құрайды. Негізгі салалары – Үлкен және Кіші Заб, Дияла, Керхе. Жылдық орташа су ағымы Бағдад қаласы тұсында 1240 м³/с. Негізінен қар және жаңбыр суымен толығады. Өзен бойында Мосул бөгені салынған. Бағдадқа дейін (суы мол маусымда Мосул қаласына дейін) кеме қатынайды. Жағалауында Диярбакыр (Түркия), Мосул, Бағдад, Кут-әл-Амара, Амара, Әл-Курна, (Ирак) т.б. қалалар орналасқан. Тигр мен Евфрат өзендері аралығы (Месопотамия) – әлемдегі ең көне өркениет орталық (Ассирия, Вавилон мемлекеттері) болған.



Евфрат (араб.: الفرات әл-Фурат) — Түркия, Сирия және Ирак елдерін кесіп өтетін арна, Батыс Азиядағы ең ірі өзендердің бірі. Өзен Мураттан бастау алып ұзындығы 3065 км-ге созылған, өте келе Қарасу және Мұрат ағындары қосылады, ұзындығы 2780 км, бассейнің көлемі 765,8 мың. км²•



КАРТАДАҒЫ СУРЕТІ



Қос өзен аңғарындағы (Тигр мен Евфрат өзендері арасы) ежелгі мекендерді терең қазып, зерттеу нәтижесінде археологтар Гомер мен Геродот өмір сүрген кезде адам есінде қалмаған, гректер білмеген, Шумерлер мәдениеті туралы деректерге кезігеді.



ostashkov.ru

Река Евфрат



ostashkov.ru



Назар аударғандарыңызға көп
көп рахмет!!!